



УДК 338.246.2:339.5

**Аманбаева Асемгуль Абдулмансуровна**

Доктор PhD, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.  
e-mail: asema.31.1983@mail.ru

**Турдиева Зухра Махмутовна**

Доктор PhD, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.  
e-mail: kalibaeva.z@mail.ru

**Молдажанов Марат Бетимбаевич**

Доктор PhD, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.  
e-mail: mmarat84@inbox.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САУДА САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ**

*Авторлардың ғылыми мақаласында Қазақстанның сыртқы саудасының өзекті проблемалары қарастырылған. Соңғы он жылда экспорттың құрамында күрделі өзгерістер болмады. Қазақстанның сыртқы саудасында оң сальдо сақталып келеді.*

*Ұлттық нарықты шетелдік бәсекелестіктен қорғау саясатын реттеудің кедендік тарифтері мен тарифтік емес тәсілдері, Қазақстандағы сауда саясатының сыртқы экономикалық қызмет саласына байланысты қажетті негізгі түсініктер мен жіктеулер келтірген. Әсіресе, сыртқы экономикалық қызметтің басқарушылық жағына ерекше назар аударылады.*

*Бұл қызметтің негізі сыртқы сауда байланыстары мен операциялары және олардың қарқыны мен құрылымының сипаттамасы болып табылатындықтан, оларға барынша көбірек көңіл бөлінеді.*

*Әлбетте экономика дамуының ең басты құралдарының бірі халықаралық сауда. Оның көмегімен еңбектің өнімділігі жақсарады және көтеріледі, өндірістің көлемі ұлғаяды. Халықаралық сауда мамандандыруды жетілдіретін құрал болып табылады.*

*Сондай-ақ, жұмыста халықаралық байланыстардың сатып алу-сату, жалдық және мердігерлік жұмыстарды ұйымдастыру мен басқару, сауда делдалдарының қызметін үйлестіру, мемлекетаралық есеп айырысуды қадағалау және т.б. мәселелер қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** *сыртқы сауда, Бүкіләлемдік сауда ұйымы, сауда саясаты, кедендік тариф, еркін сауда саясаты, халықаралық сауда, импорт, экспорт.*

*В научной статье авторов рассматриваются актуальные проблемы внешней торговли Казахстана. За последнее десятилетие экспорт не потерпел серьезных изменений. Сохраняется положительное сальдо во внешней торговле Казахстана.*

*Рассматриваются таможенные тарифы и нетарифные способы регулирования политики национального рынка иностранной конкуренции, основные концепции и классификации, необходимые для внешнеэкономической деятельности торговой политики в Казахстане. Особое внимание уделяется управлению внешнеэкономической деятельностью.*

*Основное внимание в этой услуге уделяется отношениям и операциям внешней торговли, а также темпам и структуре, поскольку они находятся в центре внимания.*

*Очевидно, что одним из важнейших инструментов экономического развития является международная торговля. С его помощью производительность улучшается и увеличивается. Международная торговля является инструментом для улучшения международной торговли.*

*В работе также рассмотрены организация и управление работ по купле-продаже в сфере международных связей, координация деятельности торговых посредников, надзор за межгосударственными расчетами и т.д.*

**Ключевые слова:** *внешняя торговля, Всемирная торговая организация, торговая политика, таможенные пошлины, политика свободной торговли, международная торговля, импорт, экспорт*

*The scientific article of the authors discusses the current problems of foreign trade of Kazakhstan. Over the past decade, exports have not suffered major changes. The positive balance in foreign trade of Kazakhstan is maintained.*

*The article considers customs tariffs and non-tariff methods of regulating the policy of the national market of foreign competition, the basic concepts and classifications necessary for foreign trade activities in Kazakhstan. Special attention is paid to the management of foreign economic activity.*

*This service focuses on foreign trade relations and operations, as well as on the pace and structure, as they are the focus of attention.*

*Obviously, one of the most important tools for economic development is international trade. With it, performance is improved and increased. International trade is a tool for improving international trade.*

*The work also considers the organization and management of sales and purchases in the field of international relations, coordination of the activities of trade intermediaries, supervision of interstate settlements, etc.*

**Keywords:** *foreign trade, World Trade Organization, trade policy, customs duties, free trade policy, international trade, import, export*

Қоғамда өзекті мәселелердің бірі ретінде сауда саясаты ерекше маңызға ие. Себебі жүйелі де тиімді сауда саясаты құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғамның ажырамас элементі болып табылады. Сондықтанда сауда саясаты Қазақстан үшін зор маңызды экономикалық сала.

Бүгінгі әлем шапшаң қарқынмен дамуда, ғаламдану мен ақпараттық технологиялар күн өткен сайын күш алып барады. Қазақстан өзінің экономикалық әлеуметін нығайтып, халықаралық нарықта орнын нақтылауда және Бүкіләлемдік сауда ұйымына (БСҰ) кіруді жоспарлауда.

Қазіргі халықаралық байланыстардың саяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық астарларының бірыңғайлануы және жалпы жаһандану үрдісінің күшеюі әрбір мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін ұдайы бақылап, тиімді басқарып отыруды талап етеді. Бұл талаптың барған сайын қатая беретіндігін жаңағыдай басқару объектісінің алдағы уақытта да кеңейе және күрделене беретіндігімен тусіндіріледі.

Еліміздің президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің халыққа жолдауында: Біз 2030 жылы Азия Барысына айналуымыз керек [1].

Сондықтан қазіргі уақытта кәсіпкерлеріміздің алдында тұрған ең негізгі міндеттердің бірі – сапалы өнім шығаруға қол жеткізу, өйткені шетелдік өнімдерге бәсекелес

бола алмаса, отандық бизнес өкілдері банкротқа ұшырайды.

Тұрақты даму проблемасы ғаламдық масштабта шешілді. Бұл мағынадағы экономикалық саясат ұлттық деңгейдегі экономикалық мүдделері мен құндылықтары бар объективті заңдылықтардың тоғысуымен анықталады. Соңғы он жылдықтарда бұл кеңістікке экономикалық блоктардың ұжымдық мүдделері көптеп шығуда. Дамыған мемлекеттер блогы немесе жекелеген мемлекет тарапынан белгілі бір қарама-қайшы іс-әрекеттер орын алуы мүмкін.

Өйткені кез келген ұлттық саясат олардың нақты экономикалық мүдделерін қорғауы немесе оларға қысым көрсетуі мүмкін. Мұндай жағдайда мемлекеттердің мүдделері арасындағы балансқа, мәмілеге немесе өзара жеңілдік жасауға қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Ол сыртқы экономикалық саясаттың баламалы варианттар жиынтығымен, ең алдымен қысым көрсету немесе қарама-қарсы шығу әрекеттерімен толығыуы қажеттілігін алдын-ала анықтайды.

"Солтүстік-Оңтүстік" жүйесінің сауда саясаты халықаралық еңбек бөлінісінің тік моделін көрсетеді, мұнда дамушы елдер ресурстардың елеулі түрлерін шетке шығарады да, техника, азық-түлік және ұзақ мерзімдік пайдаланулардағы тауарларды шеттен әкеледі.

Өзара қарым-қатынастардың мұндай моделін "Солтүстік-Оңтүстік" жүйесіндегі

экономикалардың өзара қатынастарының мазмұндылығымен салыстырғанда, алдыңғы модельде экономикалардың өзара толықтырылуы жоқ екендігі анықталған, кез келген жағдайда Солтүстіктің немесе Оңтүстіктің саудасы жөнінде сөз еткенде жүзеге асырылатын саясаттың екі түрі жөнінде айтуға болады:

- сыртқы сауда саясаты жөнінде;
- халықаралық сауда саясаты жөнінде.

Сауда саясатын жүзеге асырудың әлемдік тәжірибе; 2 принципке негізделген: еркін сауда және протекционизм.

Зерттеулер көрсеткендей, осы шараларды іске қосуды уақытша параметрлері бойынша, барлық мемлекеттер бір - бірінен өзгешеленеді. Мысалы, бірқатар мемлекеттер өз реформаларын импорттық саясатты басқарудың қатаң курсынан; енді кейбіреулері оны толық ырықтандырудан бастайды.

Мысалы, Оңтүстік Корея, Бразилия және басқа елден алғашқы кездері тек қана экспорттық өндіріске арналған импорттық тауарларды шеттен әкелуге жағдайлар (бірқатар жеңілдіктер) жасады, ал экспорттық өндіріске қатысы жоқ тауарлардың импорты шектелді немесе оларға тыйым салынды.

Осыған ұқсас әдістемені Тайвань қолданды. Ол жерде импортты алмастыру саясаты жүргізілді. Тым аса дифференциаланған әдістер Малайзия тәжірибесінде көрініс тапты, ондағы шектеулер белгілі бір өнімнің экспортына, өндірісіне фирманың немесе жалпы саланың сандық параметрлеріне байланысты белгіленді.

Сонымен бірге, сауда саясатының тиімділігі үшін импортты алмастыруды жүзеге асыру жолын таңдау өте маңызды.

Әлемдік нарықтың динамикалық, өзгермелі конъюнктура жағдайында аргентиналық нұсқа экономика дамуының тежегіші болды, ал Бразилияда даму локомативті болып саналады, өйткені ол алғашында халық шаруашылығының өндірістік шенінің интенсивті емес, экстенсивті әдіспен дамуын көздеген еді [4].

Осы айтылғандардан мынадай қорытынды шығады: яғни сауда саясаты бірінші немесе екінші әдісті жүзеге асыру жағдайында да, әр алуан экономикалық салаларды қамтамасыз етеді. Бірақ мынаны атап өту керек, реформалардың басталған мерзіміне байланысты, экономиканың дамуы үшін бөгеттердің ашылуы, халықаралық экономикалық ұйымдарға кіруі, аймақтық

принциптерді күшейту жағдайларында елдер үшін экономикалық реттеу құралдарын таңдау әр алуан, кейде шектеулі болады.

Әр түрлі елдердің сыртқы экономикалық саясатын зерттеу нәтижесінде мыналар анықталған, яғни дамушы әлем, әлемдік шаруашылық байланыстардың біртұтас кешенінің күрделі әлеміне - ұлттық экономикалардың тиімді түрде кіруі сияқты оңтайлы нұсқаны пайдалану жолымен жүруі тиіс.

Осыған байланысты елдің экспорттық саясатында осы үшін қабылданатын шаралар келесі іс-әрекеттерден тұрады:

- экспорттық салалардың дамуы үшін жағдайлар жасау немесе экспорттық өндіріс салаларына бағыттау;

- кейбір салалардың дамуын бағалау және импорттық өндіріспен бәсекелесу үшін мүмкіндігі жоқ салаларды жабу бағдарламасын қабылдау;

- егер белгілі бір саланың келешекте әлемдік нарықта белгілі бір орынды қамтамасыз ету мүмкіндігі болса, бірақ та қазіргі таңда осы мүмкіндіктерді жүзеге асыру жағдайы болмағанда:

- 1) кедендік қорғау;

- 2) қаржылық және фискальдық ынталандыру;

- 3) қолайлы жағдайлар мен жеңілдіктердің басқа түрлерін құру.

Ал жүргізілетін өнеркәсіптік саясат ұғымдылығы бар сыртқы сауда саясатының адекваттығын қажет етеді (интенсивті модернизацияны бастан кешіріп отырған салаларды қорғау белгілі елде өндірілмейтін тауарлар өндірісін дамыту; өндірістің басым салалары қызмет ете алмайтын тауарлар импортын ынталандыру).

Әлемдік шаруашылық байланыстар интеграциясының тұжырымдамасын алға қою өзара қарым-қатынастар векторының акырындап өзгеруін қамтамасыз етеді.

Импорттық саясатты жүзеге асыру кезінде төмендегі де әдістеме қолданылады: тауарлар өндірісіндегі ұлттық мүмкіндікті талдау; оның ұлттық экономика құрылымындағы экспорттық позициядағы орнын анықтау; әлемдік нарық тенденцияларын талдау.

Төлем балансының тең болмауы, экспорт тиімділігінің төмендеуі жағдайларында протекционистік режимді қамтамасыз ететін құралдардың кең арсеналы қолданылады.

Белгілі бір нақты мақсат пен қорғау дәрежесіне қол жеткізген кезде протекционистік режимнің бұл құралдары басқа шаралармен және реттегіштермен ауыстырылады [3, 116 б.].

Мұндай мысал Латын Америкасында, Шығыс Азияда кең танымал. Экономикалық дамуды көтеру қажеттілігін сезіну экономиканың болашақ секторларын дамытудың ұзақ мерзімдік бағдарламасын қабылдауға мемлекетті бағыттады.

Құрылымдық қайта құрудың қажеттілігі бірқатар салаларда өзгеруін қамтамасыз етті, бұл салаларда мемлекет тарапынан протекционистік қорғау жүргізілді.

Сыртқы сауданы реттеу шараларына, арсеналына төмендегі құралдар кіретіндігін атап өту керек (1- кестені қараңыз). Оларды 8 топқа топтауға болады.

Кесте 1- Сыртқы сауданы реттеу шаралары.

<b>Реттеу шаралары</b>	
<b>Тарифтік:</b> - импорттық кедендік тарифтер	<b>Қаржылық шаралар:</b> - валюталық операцияларды жүргізу ережелері
<b>Паратарифтік:</b> - баж салықтары; - импорттық тауарларды енгізу кезінде алынатын төлемдер; - кедендік жиындар; - ішкі салықтар; - мақсатты жиындар.	<b>Автоматтық лицензиялау:</b> - тауарларды шеттен әкелу мен шетке шығаруға арналған құжаттар;
<b>Бағаларды бақылау шаралары:</b> - демпингке қарсы; - компенсациялар; - импорттық жиындар.	<b>Мемлекеттік монополиялар</b> - экспорт пен импортқа монополиялар
<b>Сомдық реттеу:</b> - квоталар	<b>Техникалық шаралар:</b> - стандарттар; - сапа нормасы; - қауіпсіздік нормасы

Саудадағы негізгі ережелер сыртқы сауда ұйымының ережелерімен реттеледі. Осы ұйымның ережелеріне сәйкес сыртқы сауданы реттеу үшін негізгі құрал ретінде кедендік тариф қолданылады. Сыртқы сауда ұйымының мүшесі болып табылмайтын мемлекеттер мүшеліктің қамтасыз ететін артықшылықтарын қолдана алмайды.

Бұл жағдайларда сауданы реттеудің негізі болып екі жай сауда келіссөздері мен келісімдері табылады. Оған өте қолайлы жағдайлар жасау режимі (ҚЖР) кіреді.

Ұлттық жүйедегі саудада қолданылатын ережелерде бірізділіктің болмауы протекционистік шаралармен анықталған көптеген кедергілерді туындатады. Сыртқы сауданы реттеуді Кедендік ынтымақтастық Кеңесі маңызды рөл атқарады.

Елдераралық өзгешеліктеріне қарамастан, кедендік тариф құрылымына мыналар кіреді:

- автономдық мөлшерлемелер; бұл мөлшерлемелер елге өте қолайлы жағдайлар

режимі (ҚЖР) ұсынылмаған кездерде ғана қолданылады;

- ҚЖР мөлшерлемері;  
- дамушы елдердің тауарларына қатысты қолданылатын артықшылығы бар мөлшерлемелер.

Сыртқы сауда ұйымына мүше елдер, сыртқы сауданы реттеу тәжірибесінде шектеуші шаралар блогын қолданады, олар төмендегі ретпен жіктеледі:

- экономикалық мазмұндағы әкімшілік шаралар (тауар тапшылығы, төлем балансының теңсіздігі, өнеркәсіптік саясатқа зияны), сонымен бірге экономикалық емес сипаттағы шаралар;

- субъектілердің өзара келісімдері бойынша экспорт-импортты өз еркімен шектеу;

- әділетсіз бәсекеге қарсы шектеулер немесе шаралар;

- қоршаған ортаны қорғау, ұлттық қауіпсіздікті сақтау мақсатында енгізілетін шектеулер.

Сыртқы сауда саясаты деп мемлекеттің басқа елдермен сауда қатынастарына мақсатты бағытталған әсері түсіндіріледі. Сыртқы сауда саясатының негізгі мақсаттары:

- осы мемлекетті халықаралық еңбек бөлінісіне енгізу дәрежесі мен тәсілінің өзгеруі;
- экспорт пен импорт құрылымының өзгеруі;
- елді керекті ресурстармен қамтамасыз ету;
- экспорт пен импорт бағаларының қатынасының өзгерісі;

Қайсыбір мақсаттар ұзақ мерзімді сипатта болады, мысалы, осы елді халықаралық еңбек бөлінісіне енгізу дәрежесі мен тәсілін өзгерту, ал басқа мақсаттар қысқа мерзімде жүзеге асуы мүмкін, мысалы, экспорт немесе мүмкін импорт көлемін өзгерту.

Сыртқы сауда саясатының негізгі екі бағыты бар:

- еркін сауда саясаты;
- протекционизм.

Еркін сауда саясатын жүргізу кезінде мемлекет сыртқы саудаға тікелей араласпайды, оның сұраныс пен ұсыныстың еркін күштері әсерінен дамуына мүмкіндік береді. Тек қана еркін саудаға қатысушы әрбір елдің шығаратын өнім көлемін максималды дәрежеге жеткізуге мүмкіндік береді.

Еркін сауда саясатын жүргізу экономикасы дамыған елдерге халықаралық экономикалық айырбастан көп пайда алуға мүмкіндік береді.

Ұлттық нарықты шетелдік бәсекелестіктен қорғау саясатын реттеудің кедендік тарифтері мен тарифтік емес тәсілдерімен жүргізу протекционизм деп аталады. Еркін сауда саясатымен салыстырғанда протекционизм кезінде әлемдік нарықта жекелеген елдердің экономикалық потенциалы мен бәсекелестік қабілеті әртүрлі және сондықтан да нарықтық күштердің еркін әсері аз дамыған елдер үшін тиімсіз болуы мүмкін деп түсіндірілгеннен кейін нарықтық күштердің еркін әсерлерін теріске шығарады.

Қазір еркін сауда мен протекционизмнің қайсысы жақсы деген сұрақ шешілмеген халықаралық сауда тарихында екеуінің біреуіне бет бұратын кезеңдер кездеседі.

Қазіргі заманғы протекционизм көп қырлы және тұйық. Кеден тарифтерінің орнына тарифтік емес тәсілдер кеңінен қолданылады, протекциондық әрекеттер көбінесе іріктеуші сипатта болады, яғни нақты тауарлар мен жекелеген салалардың өнімдеріне, сонымен қатар бірқатар елдерге қарсы қолданылуы мүмкін. Протекционизмнің позициясы дамушы

елдер мен өнеркәсібі дамыған елдерге қарағанда басым [2].

Сыртқы сауданы реттейтін экономикалық құралға кедендік тарифтер жатады, өзінің әрекет сипатына байланысты ол сыртқы экономикалық қатынастарды реттеудің классикалық құралына жатады.

Кедендік тарифтер - кедендік баж салықтарының ставкасының жүйелі тізбегі. Кедендік баж салығы импорт мен экспорттың мемлекеттің шекарасынан өту кезіндегі салығы ретінде түсіндіріледі.

Осы уақытқа дейін тарифтер халықаралық сауданы мемлекеттік реттеудің белсенді формасы мен бюджет кірісінің маңызды тармағы болып келді.

Халықаралық сауда ұйымының басты мақсаты мемлекет мүшелерінің өмір сүру деңгейін көтерудің коммерциялық және экономикалық бағыты, ол төмендегі жолмен жүзеге асырылады:

- толық жұмыспен қамту;
- тауар мен қызмет өндірісі және тауар айырбасының өсуі;

Еліміз бүгінгі таңда әлеуметтік – экономикалық жаңару мен демократизацияланудың жаңа кезеңіне қадам басып келеді. Осыған орай, алдыңғы қатарлы, озық қоғамның сана деңгейіне көтеріліп, жан – жақты өркендеу, қоғамның салалық жаңа экономикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға көшу міндеті тұр.

Қоғамның экономикалық дамуы экономикалық өсуді, экономикалық құрылымдық өзгерістерді, тұрғындардың жағдайы мен өмір сүру сапасын жақсартуды қамтитын көп қырлы процес. Қоғамның экономикалық өмірі үнемі қозғалыста болады, ол бір қалыпты сандық және сапалық өзгерістер арқылы сипатталады. Бұл өзгерістер тек қана өндірістік күштер мен өндірістік қатынастарға ғана емес, сонымен қатар еңбектің өсіп жатқан өнімділігіне, оның игіліктердің үлкен көлемін құрудағы қабілетіне де қатысты [5].

Қазақстан Републикасының сыртқы сауда айналымыда Ресей Федерациясымен жасалатын сауда жетекші роль атқарады, ол бұрынғы тарихи қалыптасқан процестердің арқасында Қазақстанның негізгі сауда әріптесі және қазақстан өнімінің негізгі тұтынушысы болып табылады.

Қазақстан көп тарапты халықаралық экономикалық жобаларға белсене қатыса алады, қатысуға тиіс те, өйткені олар біздің жаһандық

экономикаға кіруімізге жәрдемдеседі әрі сол арқылы біздің қолайлы экономикалық – географиялық жағдайымызға және қолымыздағы ресурстарымызға сүйенеді.

Мемлекет өз тарапынан іскерлік бастамашылықтың жолындағы заңнамалық,

әкімшілік және бюрократиялық кедергілерді ысырып тастауға, және жекеменшік капиталдың келешегі үлкен кемел бастамаларына тікелей қолдау көрсетуге міндетті.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстан 2030 стратегиясы».
2. Manova K., Zhang Z. Export Prices across Firms and Destinations // *Quarterly Journal of Economics*, 127(1), 2012 - 379-436с.
3. Актілер жинағы 2013 жылы №115, 116 бет
4. Дала мен қала 2014 29 қыркүйек
5. Камалин Сыртқы сауда эканомикасы Алматы 2005
6. Қ.Қ. Ілиясов «Қаржы» Алматы 2005жыл. 506 – 513 бет
7. <http://inform.kz/rus/article/2440763>, Ағымдағы жылы қазақстандық экспортты ынталандыру саясатын жүзеге асыру жалғасатын болады.Ә.Исекешев 14 Ақпан 2012ж.
8. Индустриаландырудың екінші бесжылдығы ел экспортын өрістетеді, Егемен Қазақстан, 3.07.2016.

#### **Аманбаева Асемгуль Абдулмансуровна**

**Лауазымы:** доктор PhD, "Экономика және менеджмент" кафедрасының меңгерушісі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

**Пошталық мекен-жай:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Ленин көшесі 11  
**сот. тел:** 87713695637

#### **Турдиева Зухра Махмутовна**

**Лауазымы:** доктор PhD, "Қаржы және есеп" кафедрасының меңгерушісі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

**Пошталық мекен жай:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Ленин көшесі 11  
**сот. тел:** 87784135915

#### **Молдажанов Марат Бетимбаевич**

**Лауазымы:** доктор PhD, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

**Пошталық мекен жай:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Ленин көшесі 11  
**сот. тел:** 87784135915

#### **Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саясаты және оны жүзеге асыру құралдары**

#### **Аманбаева Асемгуль Абдулмансуровна**

**Должность:** доктор PhD, заведующая кафедрой «Экономики и менеджмента», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Ленина 11  
**сот. тел:** 87713695637

#### **Турдиева Зухра Махмутовна**

**Должность:** доктор PhD, заведующая кафедрой «Финансы и учет», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Ленина 11  
**сот. тел:** 87784135915

#### **Молдажанов Марат Бетимбаевич**

**Должность:** доктор PhD, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Ленина 11  
**сот. тел:** 87784135915

#### **Внешнеторговая политика Республики Казахстан и средства ее реализации**

#### **Amanbayeva Assemgul Abdulmansurovna**

**Position:** Doctor PhD, Head of the Department of «Economics and management» of the Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

**Mailing address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Lenin st. 11  
**cells. ph:** 87476092235

#### **Turdieva Zukhra Makhmutovna**

**Position:** Doctor PhD, Head of the Department of "Finance and accounting" of the Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

**Mailing address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Lenin st. 11

**cells. ph:** 87784135915

**Moldazhanov Marat Betimbaevich**

**Position:** Doctor PhD, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

**Mailing address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Lenin st. 11

**cells. ph:** 87784135915

**Foreign policy of the Republic of Kazakhstan and the means of its implementation**